**9 мамыр - Ұлы Жеңіс күніне арналған «Жеңістің жаңғырығы-ерліктің мәңгілігі» атты мәдени шараның сценариі**

***Өтетін жері:*** ***Әлия, Мәншүк ескерткіш алаңы***
***Өтетін уақыты:*** ***09. 05.2026ж. сағ 10. 00.***

*Мерекелік шара басталар алдында патриоттық әуендер ойнап тұрады. Алаңға аудандық қоғамдық кеңес төрағасы бастаған соғыс ардагерлері, тыл қаһармандары, еңбек ардагерлері, мекеме- кәсіпорын делегациялары, жастар орналасады.*

***Мерекелік шара Композиция «Жеңіс алауы» композициясымен басталып, Т.Тоқаеваның орындауында «Әлия» әнімен аяқталады)Композицияға «Триумф», «Алтынзер» бишілері, оқушы жастар қатысады.***

**Фанфар**

**1Жүрг:** Армысыздар, ардақты ардагерлер, қымбатты тыл қаһармандары!

**2Жүрг:** Қайырлы күн, құрметті қала тұрғындары!

**1Жүрг:** Біз бүгін, қанды майданда бейбіт болашақты орнату үшін тәуекелге бел буып, майданды кешіп, қаны мен жанын сарп еткен "Шығыстың қос жұлдызы" Кеңес Одағының батырлары Әлия мен Мәншүктің ескерткішінің маңына жиналдық.

**2Жүрг:** Қадірменді жиналған қауым! Бұл күн - қан майданда парыз бен намысты алға қойған, елі мен жерінің бостандығы үшін жан аямай, қараниет жауға төтеп берген, табанды да қайсар мінезді жауынгерлеріміздің және тылда тынымсыз еңбек еткен ағаларымыз бен апаларымыздың ерен ерлігінің, биік рухының мерекесі.

**1Жүрг:** Иә, осынау қуаныш үшін өмірлерін қиған боздақтарды еске алу күні... Ендеше, ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, құрбан болған жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алайық!

***Бір минут үнсіздік***

**1Жүрг:** Әрине, адамзат тарихындағы Жеңіс күнінің қадірі бәріміз үшін тым қымбат. Бұл күннің толғағы ащщы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Әр кезде де батылдық пен ерліктің, қаһармандықтың символы, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі болған Жеңіс мерекесі құтты болсын!

**2Жүрг:** Соғыстың аты мен затын тарих беттерінен ғана білетін буын мәңгілік жасасын! Әлемде татулықтың Туы желбірей берсін! Мерекелік құттықтау сөз аудан әкімі Ермағанбетов Дархан Жанысханұлына беріледі.

***Д.Ермағанбетовтың  құттықтау  сөзі***

**1Жүрг:** Ендеше, зұлматты жылдар қасіретінің енді қайталанбауын бүгінгі ұрпағымызға тілей отырып...

**2Жүрг:** Етегімен  су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен заманда елді, жерді қорғаған жауынгерлер мен тарихта есімдері алтын әріппен  жазылған батыр қыздарымыздың ерліктеріне бас ииіп, әруақтарына тағзым етіп, гүл шоқтарын қою рәсіміне кезек береміз!

***Әуен ырғағымен мекеме, кәсіпорын делегациялары  Әлия, ескерткішке гүл шоқтарын қояды.***

**1Жүрг:** Құрметті бейбіт елдің тұрғындары! Арын жалау,  жанын алау етіп майданның шебінде болған, оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, туған жерін, халқын, ақ сүт берген анасын, ақ самал ескен даласын қорғаған ардагерлеріміздің  алып берген  Жеңіс күні  тарихта ешқашан ұмытылмайды.

**1Жүрг:** Ардақты ардагерлер, тыл қаһармандары! Сіздердің ерліктеріңіздің арқасында біз бүгін бейбіт өмір, бақытты тұрмыс кешудеміз.  Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

**Ән:**
**Орын:**

**Ән:**
**Орын:**

**Ән:**
**Орын:**

**1Жүрг:** Құрметті жиналған әлеумет! Бүгінгі ұрпақ аға буын - ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы Күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

**2Жүрг:** Осы бақытымызды, шаттық күндерімізді бағалай білейік! Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын! Осымен,Ұлы Жеңіс күніне арналған «Жеңістің жаңғырығы-ерліктің мәңгілігі» атты мерекелік шарамыз аяқталды.  Сау – саламатта болыңыздар!

**Сценариді дайындаған** **А.Сарина**